

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы « 8 » қаңтардағы
№ 2 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 31 шілдедегі
№ 859 қаулысымен
бекітілген

**Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын
есептен шығару, жою, кәдеге жарату және
кәдеге жаратылған тауарларды өткізу
қағидалары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару, жою, кәдеге жарату және кәдеге жаратылған тауарларды өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Азаматтық қорғау туралы» 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 23) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару, жою, кәдеге жарату және кәдеге жаратылған тауарларды өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы баға – кәдеге жаратылған тауардың аукцион барысында қалыптасатын бағасы;

2) алғашқы баға – осы Қағидалардың 40-тармағына сәйкес айқындалатын кәдеге жаратылған тауардың бағасы;

3) аукцион – электрондық форматта тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып өткізілетін, қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;

4) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;

5) аукцион нөмірі – ЭЦҚ болған кезде қатысушыға аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;

б) бағаны көтеру аукционы – бастапқы бағасы алдын ала жарияланған қадаммен арттырылатын аукцион әдісі;

7) бағаны төмендету аукционы – бастапқы бағасы алдын ала жарияланған қадаммен төмендетілетін аукцион әдісі;

8) бастапқы баға – кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион басталатын баға;

9) ең төмен баға – кәдеге жаратылған тауарды одан төмен бағаға сатуға болмайтын баға;

10) жарамдылық мерзімі өткен мемлекеттік материалдықрезервтің тамақ өнімі – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) техникалық регламенттерде белгіленген қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келмейтін тамақ өнімі;

11) жеңімпаз – кәдеге жаратылған тауар үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған аукционға қатысушы;

12) жұмылдыру резерві – мемлекеттік материалдық резервтің құрамдас бөлігі болып табылатын, жұмылдыру, соғыс жағдайы кезінде және соғыс уақытында жұмылдыру тапсырысын орындау, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау, бейбіт уақытта гуманитарлық көмек көрсету үшін қажетті шектеулі номенклатура бойынша материалдық құндылықтар запасы, сондай-ақ арнайы құралымдардың материалдық-техникалық құралдары;

13) кәдеге жаратылған тауарлар – мемлекеттік материалдықрезервтің материалдық құндылықтары технологиялық өңдеуден өткеннен кейін алынған тауарлар;

14) кәдеге жаратылған тауарларды өткізу – уәкілетті органның міндеттерін жүзеге асыру, басқа мемлекеттік органдарға беру және аукцион өткізу арқылы сату үшін кәдеге жаратылған тауарларды қолдану;

15) кепілдік жарна – аукционға қатысу үшін кәдеге жаратылған тауардың алғашқы бағасының 15 % мөлшерінде жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға енгізетін, бірақ 30000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын ақша сомасы;

16) қатысушы – аукционға қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға;

17) материалдық құндылықтардың жарамдылық мерзімі – мерзімі өткеннен кейін материалдық құндылықтар одан әрі пайдалануға жатпайтын мерзім;

18) мемлекеттік материалдық резерв (бұдан әрі – мемлекеттік резерв) – жұмылдыру мұқтаждарына, табиғи, техногендік және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қолдануға, нарыққа реттеушілік ықпал етуге, босқындарға көмек көрсетуге және гуманитарлық көмек көрсетуге арналған материалдық құндылықтар запасы;

19) мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі – бірыңғай оператор) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің

шешімімен айқындалған, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын, өзіне мемлекеттік мүлікті ұйымдастыру мен есепке алу саласында бірыңғай техникалық саясатты іске асыру бойынша міндеттер, сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің активтерін басқару және пайдалану жөніндегі функциялар жүктелген заңды тұлға;

20) мемлекеттік резерв жүйесінің ведомстволық бағынысты ұйымы (бұдан әрі – ведомстволық бағынысты ұйым) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қалыптастыруды және сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға;

21) мемлекеттік резерв саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – атқарушылық және бақылау функцияларын, сондай-ақ мемлекеттік резерв жүйесіне басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

22) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарымен операция жасау жоспары (бұдан әрі – операция жасау жоспары) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жеткізуді, сақтауды және шығаруды, сондай-ақ кәдеге жаратылған тауарларды өткізуді регламенттейтін құжат;

23) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару – тұтынушылық қасиеттерінен толық немесе ішінара айырылуы, оның ішінде физикалық және моральдық тозуы салдарынан мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын одан әрі нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамсыз деп тануға байланысты іс-шаралар кешені;

24) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жою – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарына оларды одан әрі пайдалану, оған адам мен жануарлардың қол жеткізу мүмкіндігін болғызбайтын әсер ету (термиялық, химиялық, механикалық не өзге) рәсімі;

25) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын нысаналы мақсаты бойынша пайдалануды болғызбайтын және (немесе) өзге өнімге әкеп соғатын технологиялық өңдеу;

26) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау нормативтері (бұдан әрі – сақтау нормативтері) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын күтіп ұстау және сақтау шарттары жөніндегі техникалық талаптар;

27) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау пункттері және жұмылдыру тапсырыстары белгіленген ұйымдар (бұдан әрі – сақтау пункттері) – мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтауды және сақтауға байланысты қызметтер көрсетуді шарттық негізде жүзеге асыратын заңды тұлғалар;

28) мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтары – табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан зақымдалған, жарамдылық және сақтау мерзімі өткен, сондай-ақ

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасының талаптары мен нормаларына сәйкес келмейтін материалдық құндылықтар;

29) мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарын сынамалы кәдеге жарату – экономикалық тиімділікті айқындау үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын эксперименттік кәдеге жарату;

30) сақтау мерзімі өткен өзге де материалдық құндылықтар – тамақ өнімдерін қоспағанда, сақтау мерзімі өткен және зертханалық зерттеулерге (сынауларға) жататын тауарлар;

31) сату бағасы – аукцион нәтижесінде белгіленген кәдеге жаратылған тауардың түпкілікті бағасы;

32) сатып алушы – сатып алу-сату шартын жасасқан аукцион жеңімпазы;

33) сатып алу-сату шартының идентификаторы – тізілімнің веб-порталы беретін сатып алу-сату шартының бірегей нөмірі;

34) технологиялық есептеме – кәдеге жаратылған тауардың шығуы үшін қажетті шикізаттың атауы мен мөлшерін қамтитын, оның көлемін көрсететін есептеме. Қойылған міндеттерге байланысты нақты, теориялық немесе технологиялық өнімділік есептеледі;

35) тізілімнің веб-порталы – мемлекеттік мүлік тізілімінің (бұдан әрі – тізілім) кәдеге жаратылған тауарлары туралы электрондық дерекқорға бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;

36) уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі – ведомство) – мемлекеттік резерв саласындағы іске асыру функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесі;

37) экономикалық есептеме – шикізаттың саны мен құнын, өңдеу бойынша өндірістік жұмыстардың атауы мен құнын есептеуді қамтитын кәдеге жаратылған тауардың өзіндік құнын есептеу;

38) экономикалық тиімділік – экономикалық және технологиялық есептеулерді салыстыру арқылы мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жаратудың рентабельділігін белгілеу;

39) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиынтығы.

2-тарау. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару тәртібі

3. Ведомстволық бағынысты ұйым және сақтау пункттері ведомствоға жыл сайын 30 мамырдан кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарының тізбесін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша және тоқсан сайын есепті

тоқсаннан кейінгі айдың 30 күніне дейінгі мерзімде одан әрі пайдалануға жарамсыз тамақ өнімдерінің тізбесін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 2-нысан бойынша ұсынады.

4. Одан әрі пайдалануға жарамсыз тамақ өнімдерінің және мемлекеттік резервтің өзге де материалдық құндылықтарының ұсынылған тізбесі негізінде материалдық құндылықтарды есептен шығару үшін күнтізбелік 10 (он) күнненаспайтын мерзімде ведомство басшысының бұйрығымен материалдық құндылықтарды есептен шығару жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

5. Комиссияның құрамына мыналар кіреді:

1) ведомство басшысының орынбасары немесе оны алмастыратын адам (комиссия төрағасы);

2) ведомстволық бағынысты ұйым басшысының орынбасары немесе оны алмастыратын адам/сақтау пунктінің өкілі;

3) ведомствоның бухгалтерлік қызметінің жұмыскері;

4) ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктінің бухгалтерлік қызметінің жұмыскері;

5) ведомствоның мемлекеттік/жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын есепке алуға жауапты ведомствоның құрылымдық бөлімшесінің жұмыскері;

6) ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктінің материалдық құндылықтарын есепке алуға жауапты жұмыскері;

7) ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктінің технологиялық бөлімінің жұмыскері;

8) жұмылдыру тапсырмасын орындаушы немесе жұмылдыру тапсырмасы алынған мемлекеттік органның өкілі (келісуі бойынша).

6. Материалдық құндылықтардың техникалық жай-күйін айқындау үшін комиссия:

1) есептен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын тікелей қарап тексеруді жүзеге асырады, бұл ретте нормативтік және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп деректерін пайдаланады және оның қайта қалпына келтіру мен одан әрі пайдалануға жарамсыздығын анықтайды;

2) есептен шығаруға жататын материалдық құндылықтардың жинақтылығын тексереді;

3) материалдық құндылықтарды сауда-саттықтарда өткізу, басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беру, нарық қареттеушілік әсері туралы мақсатында пайдалану бойынша қабылданған шаралар туралы материалдарды тексереді;

4) есептен шығару себептерін анықтайды;

5) материалдық құндылықтарды сақтау кезінде сақтау нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуді, есептен шығарылатын мүліктің жекелеген түзілімдерін, бөлшектерін, материалдарын пайдалану мүмкіндігін айқындайды.

Мемлекеттік резервтің мына материалдық құндылықтары есептен шығаруға жатады:

- 1) жарамдылық және сақтау мерзімі өткен;
- 2) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан зақымдалған;
- 3) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген.

7. Материалдық құндылықтардың техникалық жай-күйін қарап тексеру қорытындысы бойынша комиссия мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару актісін (бұдан әрі – есептен шығару актісі) жасайды, оған комиссия төрағасы және комиссиялардың барлық мүшелері 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 (үш) данада қол қояды.

Есептен шығару актісінің бір данасы ведомстволық бағынысты ұйымда/сақтау пунктінде қалады, есептен шығару актісінің екінші данасы жұмылдыру тапсырмасын орындайтын немесе жұмылдыру тапсырмасы алынған мемлекеттік органға жолданады, үшінші данасы қол қойылған кезінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ведомствоға жолданады.

Есептен шығаруға жатпайтын материалдық құндылықтарды тексеру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

8. Есептен шығару актісін алғаннан кейін ведомство 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде санитариялық-эпидемиологиялық және (немесе) ветеринариялық-санитариялық сараптамалар жүргізу үшін құзыреті бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және (немесе) ветеринария саласындағы мемлекеттік ұйымдарға сұрау салу жібереді, олардың қорытындылары бойынша зерттеулер (сынақтар) хаттамалары ресімделеді.

Мемлекеттік резервтің өзге де материалдық құндылықтарына зертханалық зерттеулерді аккредиттелген сынау зертханалары жүргізеді, оның қорытындылары бойынша зерттеулер хаттамасы жасалады.

9. Тамақ өнімдерін зерттеу (сынау) хаттамаларының негізінде күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде ведомство басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін кәдеге жаратуды және жоюды айқындау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – кәдеге жарату және жоюды айқындау жөніндегі комиссия) құрылады.

Кәдеге жарату мен жоюды айқындау жөніндегі комиссияның құрамына мыналар кіреді:

- 1) ведомство басшысы немесе оны алмастыратын адам (комиссия төрағасы);
- 2) ведомство басшысының орынбасары немесе оны алмастыратын адам;
- 3) ведомстволық бағынысты ұйымның басшысы немесе оны алмастыратын адам/сақтау пунктінің өкілі;

4) ведомствоның мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын есепке алуға жауапты құрылымдық бөлімшесінің жұмыскерлері;

5) ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктінің материалдық құндылықтарды есепке алуға жауапты жұмыскерлері;

6) ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктінің технологиялық бөлімінің жұмыскерлері;

7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның және ветеринария саласындағы уәкілетті органның өкілдері;

8) жұмылдыру тапсырмасын орындаушы немесе жұмылдыру тапсырмасы алынған мемлекеттік органның өкілі (келісуі бойынша).

10. Отырыс нәтижесі бойынша кәдеге жаратуды және жоюды айқындау жөніндегі комиссия осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін кәдеге жаратуды және жоюды айқындау хаттамасын жасайды.

11. Ведомство мемлекеттік сатып алу туралы заңнама шеңберінде мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарын сынамалы кәдеге жарату қызметтерін сатып алады.

12. Жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін кәдеге жарату мен жоюды айқындау хаттамасының, өзге де материалдық құндылықтар бойынша зерттеулер хаттамасының және мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарын сынамалы кәдеге жарату нәтижелерінің негізінде ведомствоішілік комиссия 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық тиімділік туралы қорытынды жасайды, онда экономикалық және технологиялық есептемелерді көрсетеді және кәдеге жаратудың және жоюдың орындылығын анықтайды.

Технологиялық есептеме сапа және қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, өнімді қайталама өңдеу технологиясын таңдау арқылы жүргізіледі.

Экономикалық есептеме нәтижесі кәдеге жаратудың рентабельділігін айқындайтын баланстық құнмен салыстырғанда нарық конъюнктурасына сәйкес кәдеге жаратылған тауардың құнын айқындауды (мониторингтеуді) қамтиды.

13. Жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін кәдеге жарату мен жоюды айқындау хаттамасының, өзге де материалдық құндылықтар бойынша зерттеулер хаттамасының және экономикалық тиімділік туралы қорытындының негізінде ведомство заңнамада белгіленген тәртіппен жою үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын немесе кәдеге жарату үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы уәкілетті орган бұйрығының жобасын әзірлейді.

14. Кәдеге жарату үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы шешімді мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган қабылдайды.

15. Жою немесе кәдеге жарату кезінде броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасына сәйкес құпиясыздандыруға жатады.

3-тарау. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жою тәртібі

16. Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жою үшін броньнан шығару туралы шешім қабылдағаннан кейін ведомстволық бағынысты ұйым/сақтау пункті мемлекеттік резервтің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарын одан әрі жою үшін шаралар қабылдайды.

17. Жою үшін материалдық құндылықтарды шығару уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге арналған нарядтар берудің нысандары мен тәртібі негізінде жүзеге асырылады.

18. Мемлекеттік резервтің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарын жою орны туралы шешім қабылдау үшін ведомстволық бағынысты ұйым/сақтау пункттері жергілікті атқарушы органдарға жүгінеді.

19. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешім қабылдағанға дейін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жоюға жол берілмейді.

20. Ведомстволық бағынысты ұйым/сақтау пункттері мемлекеттік резервтің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарын жойған кезде ведомствоның, Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, өртке қарсы қызмет, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының өкілдерін тартады.

21. Өртену, жарылу қаупі бар, сондай-ақ арнайы технология бойынша жоюдың айрықша жағдайларын талап ететін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жоюды оларды жою бойынша тиісті лицензиясы бар ұйымдар жүзеге асырады.

22. Адам мен жануарлардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін жою Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

23. Жарамсыз болып қалған, жалған, жарамдылық мерзімі өткен дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы жою денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

24. Мемлекеттік резервтің броньнан шығарылған материалдық құндылықтарын жоюды жүргізген ведомстволық бағынысты ұйым/сақтау пункттері осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 3 (үш) данада мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жою туралы актіні (бұдан әрі – жою туралы акт) жасайды.

Жою туралы актінің бір данасы ведомстволық бағынысты ұйымда/сақтау пунктінде қалады, екінші данасы жұмылдыру тапсырмасын орындайтын немесе жұмылдыру тапсырмасы алынған мемлекеттік органға жолданады, үшінші данасы қол қойылған кезінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ведомствоға жолданады.

25. Ведомство жою туралы актінің негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығарады.

4-тарау. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату тәртібі

26. Кәдеге жарату үшін мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын броньнан шығару туралы уәкілетті органның шешімі негізінде ведомство оларды кейіннен кәдеге жарату бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімін ұйымдастырады.

27. Кәдеге жаратылуға жататын тамақ өнімдері:

шикізат алу;

зарарсыздандыру;

өнеркәсіптік қайта өңдеу;

мал азығын алу және тағы басқа мақсатта технологиялық қайта өңдеуге ұшырайды.

28. Кәдеге жарату мақсатында материалдық құндылықтарды шығару уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге арналған нарядтар берудің нысандары мен тәртібі негізінде жүзеге асырылады.

29. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

30. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату жүргізілгеннен кейін кәдеге жарату қызметтерін беруші ведомствоға осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату туралы актіні (бұдан әрі – кәдеге жарату туралы акт) ұсынады.

31. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтары кәдеге жаратылғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен

мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес кәдеге жарату туралы актінің негізінде есептен шығарылады.

32. Материалдық құндылықтарды тамақ өнімі ретінде кәдеге жаратқан жағдайда кәдеге жарату қызметтерін беруші техникалық реттеу саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес тіркеу (мемлекеттік тіркеу), сынақтар, сәйкестікті растау, сараптама нысандарындағы және (немесе) өзге нысандағы, кәдеге жаратылған тауардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды ұсынады.

Өзге материалдық құндылықтарды кәдеге жаратқан жағдайда кәдеге жарату қызметтерін беруші техникалық реттеу саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес тіркеу (мемлекеттік тіркеу), сынақтар, сәйкестікті растау, сараптама нысандарындағы және (немесе) өзге нысандағы, кәдеге жаратылған тауардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын сәйкестікті бағалау туралы құжаттарды ұсынады.

33. Материалдық құндылықтарды кәдеге жаратқаннан кейін кәдеге жарату қызметтерін беруші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалау қызметі субъектісін тарту арқылы өз есебінен кәдеге жаратылған тауарды бағалауды жүргізеді.

Кәдеге жаратылған тауар бағалау туралы есепте көрсетілген баға бойынша ведомствоның есебіне қойылады.

34. Кәдеге жаратылған тауарларды қабылдау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне және мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылатын қызметтерді көрсету туралы электрондық акт негізінде жүзеге асырылады.

Есепке алынған кәдеге жаратылған тауарлар кейіннен өткізу үшін ведомствоның теңгеріміне қабылданады.

5-тарау. Кәдеге жаратылған тауарларды өткізу тәртібі

35. Егер кәдеге жаратылған тауар мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын сақтау номенклатурасы мен көлеміне кіретін тауарға сәйкес келсе, онда кәдеге жаратылған тауар мемлекеттік резервтің алдына қойған міндеттерін қамтамасыз ету үшін ведомствоның теңгеріміне қойылады.

Қалған жағдайларда кәдеге жаратылған тауарлар:

1) Операция жасау жоспарына сәйкес тізілімнің веб-порталында аукцион өткізу;

2) басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беру арқылы өткізіледі.

1-параграф. Кәдеге жаратылған тауарларды аукцион өткізу арқылы өткізу

36. Аукциондарды ұйымдастыру үшін ведомство аукциондық комиссия құрады, оның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және аукциондық комиссия мүшелері кіреді. Аукциондық комиссия мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрайды.

Аукциондық комиссия төрағасы ретінде ведомство басшысының орынбасарынан төмен емес лауазымды адам немесе оны алмастыратын адам айқындалады. Аукциондық комиссия төрағасы болмаған уақытта оның функцияларын оның орынбасары атқарады.

Аукциондық комиссияның ұйымдастыру қызметін аукциондық комиссияның хатшысы қамтамасыз етеді, ол ведомствоның лауазымды адамдарының қатарынан айқындалады. Хатшы аукциондық комиссияның мүшесі болып табылмайды және аукциондық комиссия шешімдер қабылдаған кезде дауыс бермейді.

37. Аукциондық комиссияның отырыстары аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда өткізіледі және аукциондық комиссияның қатысқан мүшелері, оның төрағасы, төраға орынбасары және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Аукциондық комиссия мүшесі болмаған жағдайда аукциондық комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі көрсетіледі.

Аукциондық комиссия шешімдері қатысып отырған аукциондық комиссия мүшелерінің жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның даусы шешуші болып табылады.

38. Әрбір кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізу туралы хабарлама жарияланғанға дейін аукциондық комиссия тізілімнің веб-порталына мынадай құжаттардың:

- 1) сәйкестікті растау саласындағы құжаттың;
- 2) кәдеге жаратылған тауарлардың жай-күйін көрсетуді қамтамасыз ететін кәдеге жаратылған тауарлардың кемінде 3 дана фотосуретінің;
- 3) сатып алу-сату шарты жобасының электрондық көшірмелерінің енгізілуін қамтамасыз етеді.

Хабарлама жарияланғаннан кейін аукциондық комиссия тізілімнің веб-порталы арқылы барлық ниет білдірушілердің кәдеге жаратылған тауар туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

39. Аукцион өткізу туралы хабарламаны аукциондық комиссия ол өткізілгенге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тізілімнің веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Аукцион өткізу туралы хабарламада мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) аукционның өткізілетін күні және уақыты;
- 2) аукционның әдісі;
- 3) кәдеге жаратылған тауардың атауы, көлемі, алғашқы бағасы қамтылған кәдеге жаратылған тауар туралы мәліметтер;

4) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы және ең төмен бағалары (бағаны төмендету аукционы өткізілген кезде);

5) кепілдік жарнаның мөлшері мен оны аудару үшін банк деректемелері;

6) өтінімдерді қабылдау мерзімі;

7) аукцион өткізу тәртібі, оның ішінде аукционға қатысуды ресімдеу тәртібі, аукцион жеңімпазын айқындау шарттары;

8) кәдеге жаратылған тауар туралы қосымша ақпарат, оның ішінде кәдеге жаратылған тауарды шығару мерзімі және орналасқан жері, қосылған құн салығының есебі.

40. Кәдеге жаратылған тауардың бастапқы бағасы теңгерімдік құн негізінде айқындалады.

41. Аукциондық комиссия Операция жасау жоспары қабылданған немесе кәдеге жаратылған тауар Операция жасау жоспарына енгізілген кезден бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде кәдеге жаратылған тауарды бірінші аукционға шығарады.

Аукцион өтпеген деп танылған жағдайда әрбір келесі аукцион әрбір жиырма жұмыс күні сайын жүзеге асырылады.

42. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна бірыңғай оператордың деректемелеріне енгізіледі.

43. Қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі.

Аукционда жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

Егер кепілдік жарнаның сомасы сату бағасынан артық болса, онда бірыңғай оператор тізілімнің веб-порталында ведомство мен сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жеңімпазға айырмасын қайтарады.

44. Кепілдік жарна:

1) жеңімпазға – сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда;

2) сатып алушыға – сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда қайтарылмайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар аукционға қатысушы, жеке немесе заңды тұлға тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ қойған кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініште көрсететін деректемелерге қайтарылады.

45. Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін бес минут бұрын аяқталады, олар өткен соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

46. Аукционға қатысу үшін алдын ала тізілімнің веб-порталында тіркелу, сондай-ақ осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аукционға қатысуға арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) толтыру қажет.

47. Ведомствоға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, аукционды дайындаудың және оны өткізудің бүкіл кезеңі ішінде аукционға қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жариялауға жол берілмейді.

48. Өтінім тіркелгеннен кейін тізілімнің веб-порталы үш минут ішінде өтінім берілген кәдеге жаратылған тауар бойынша кепілдік жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілімнің дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізіледі.

49. Қатысушының осы Қағидалардың 46-тармағында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың есеп айырысу шотына аукционды өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның аукцион басталғанға дейін бес минут бұрын түспеуі веб-порталдың өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Веб-портал тізілімінің дерекқорында бірыңғай оператордың есеп айырысу шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәліметтер болған жағдайда веб-портал өтінімді қабылдауды және кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион нәтижелері айқындалғанға дейін кепілдік жарна сомасын бұғаттауды жүзеге асырады, сондай-ақ қатысушыларды аукционға жіберуді жүргізеді. Веб-портал тізілімінің дерекқорында бірыңғай оператордың есеп айырысу шотына кепілдік жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда веб-портал қатысушының өтінімін кері қайтарады.

Веб-портал автоматты түрде тексеру нәтижелері бойынша веб-порталда көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

50. Аукцион өткізілгенге дейін қатысушы кәдеге жаратылған тауарлардың сапалық жай-күйі мен техникалық регламент талаптарына және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкестігі бойынша сараптама жүргізе алады. Мұндай сараптаманы жүргізуге байланысты шығыстар қатысушыға жүктеледі.

Сараптамаға арналған кәдеге жаратылған тауарлардың көлемін сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген заңды тұлға айқындайды.

Сараптама жүргізу үшін қатысушы:

1) ведомствоға сынама алу үшін сараптама жүргізуге қажетті кәдеге жаратылған тауарлардың атауы және орналасқан жері қамтылған хатты;

2) кәдеге жаратылған тауарлардың техникалық регламенттерде немесе стандарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау бойынша рәсімдерді жүргізу үшін кәдеге жаратылған тауарлардың қажетті мөлшерін ұсыну туралы сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген заңды тұлғаның хатын;

3) сараптамаға арналған кәдеге жаратылған тауарлардың көлемі үшін ақы төленгені туралы төлем тапсырмасының түпнұсқасын немесе нотариат растаған көшірмесін ұсынады.

51. Сараптамаға арналған кәдеге жаратылған тауарлардың көлемі үшін ақы төлеу кәдеге жаратылған тауардың бастапқы бағасына қарай есептеледі және республикалық бюджетке енгізіледі.

Сараптамаға арналған кәдеге жаратылған тауарлардың көлемі үшін төлем алынғаннан кейін ведомство мемлекеттік резервтен кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге наряд жазып береді.

Наряд негізінде қатысушы сараптама жүргізу үшін кәдеге жаратылған тауарларды алады.

Кәдеге жаратылған тауарлардың сапалық жай-күйі мен техникалық регламент талаптарына және стандарттау жөніндегі құжаттардағы қауіпсіздікке сәйкестікті бағалау бойынша сараптама Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Тізілімнің веб-порталы аукционды өткізу басталғанға дейін кемінде бес минут бұрын электрондық өтінімді кері қайтарған қатысушының аукцион нөмірін жояды.

53. Аукцион сауда-саттықтың екі әдісімен өткізіледі: бағаны көтеру немесе бағаны төмендету.

Бағаны көтеру аукционын өткізу кезінде кәдеге жаратылған тауардың бастапқы бағасы кәдеге жаратылған тауардың алғашқы бағасына тең болады.

Бағаны төмендету аукционын өткізген жағдайда бастапқы баға алғашқы бағаны 3 (үшке) тең жоғарылатушы коэффициентке көбейту жолымен айқындалады.

54. Кәдеге жаратылған тауар бірінші сауда-саттыққа аукционға бағаны көтеру әдісі қолданыла отырып шығарылады.

Кәдеге жаратылған тауар екінші сауда-саттыққа аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, алғашқы бағаның елу проценті мөлшеріндегі басқа баға белгіленіп шығарылады.

Кәдеге жаратылған тауар үшінші сауда-саттыққа аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, ең төмен баға белгіленбей шығарылады.

55. Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион кәдеге жаратылған тауардың бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен аукционды өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады.

56. Аукцион сейсенбі – жұма аралығында Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте аукцион Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірілмей басталады.

57. Егер бағаны көтеру аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы анықталмаса, онда кәдеге жаратылған тауарды сатып алуға өзінің ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз деп танылады және осы кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Егер бағаны төмендету аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы анықталмаса, онда осы кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады.

58. Егер аукцион басталған сәтте кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион залында екі аукционға қатысушыдан кем болса, онда осы кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады.

59. Бағаны көтеру аукционы:

1) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушы осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес белгіленген қадамға бастапқы бағаны арттыру жолымен кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізілмеген болып танылады;

2) егер аукцион залында аукцион басталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес белгіленген қадамға бастапқы бағаны арттыру жолымен кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін растайтын болса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға артады;

3) егер бастапқы немесе ағымдағы баға артқаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі ағымдағы құнды арттыру жолымен кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін растамайтын болса, онда кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады және осы кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Кәдеге жаратылған тауар бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

60. Бағаны төмендету аукционы:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі аукционда кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін растамайтын болса, онда кәдеге жаратылған тауардың бастапқы бағасы осы Қағидалардың 62-тармағына сәйкес белгіленген бағаның қадамына азаяды;

2) егер баға азайғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-бірі кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін растамайтын болса, онда кәдеге жаратылған тауардың соңғы жарияланған бағасы белгіленген қадаммен азаяды.

Жарияланған баға бойынша кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер кәдеге жаратылған тауардың бағасы белгіленген ең төмен мөлшерге жетсе және қатысушылардың бірде-бірі кәдеге жаратылған тауарды сатып алу ниетін растамаса, онда аукцион өткізілмеген болып танылады.

61. Осы Қағидалардың 57-тармағының екінші бөлігінде, 58-тармағында, 59-тармағының 1) тармақшасында және 60-тармағының 3) тармақшасында

көрсетілген жағдайларда ведомство тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын аукционның өткізілмегені туралы актіге қол қояды.

62. Бағаны өзгерту қадамы былайша белгіленеді:

1) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 10 процент мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 процент мөлшерінде белгіленеді;

2) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20000 еселенгеннен бастап 50000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 7 процент мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 процент мөлшерінде белгіленеді;

3) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 50000 еселенгеннен бастап 100000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 5 процент мөлшерінде белгіленеді;

4) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100000 еселенгеннен бастап 250000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 2,5 процент мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 процент мөлшерінде белгіленеді;

5) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 250000 еселенгеннен бастап 500000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 1 процент мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 процент мөлшерінде белгіленеді;

б) кәдеге жаратылған тауардың бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 500000 еселенген мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 0,5 процент мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 процент мөлшерінде белгіленеді.

63. Әрбір сатылған кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен ресімделеді, оған ведомство және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, аукцион өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен ведомствоның сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады.

64. Аукцион барысында аукционға қатысуға кедергі болатын техникалық ақаулықтар туындаған кезде қатысушыға:

1) тізілім веб-порталымен орнықты байланыс жоғалған кезден бастап 30 секунд ішінде аукционға қатысушының мониторында бірыңғай оператордың

байланыс деректері бар электрондық хабарламаны шығару жолымен хабар беріледі;

2) бұл туралы бірыңғай оператордың байланыс деректері бойынша телефон немесе электрондық хабарлама арқылы дереу хабар беріледі.

65. Бірыңғай оператор техникалық ақаулықтар фактісін тіркейді және олар тізілім веб-порталы жағынан болған кезде ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру жолымен аукционға қатысушылардың барлығын хабардар етеді.

66. Қатысушының компьютер және/немесе телекоммуникация жабдығының техникалық ақаулықтары болған кезде аукцион жалғаса береді.

67. Аукционды жүргізуге немесе аукцион өткізу рәсіміне кедергі болатын осы Қағидалардың 64-тармағында көрсетілген тізілім веб-порталының техникалық ақаулықтар фактісі болған жағдайда бірыңғай оператор бұл туралы ведомствоға жазбаша түрде хабарлайды және аукционды техникалық ақаулықтарды жойған күннен кейін келесі жұмыс күніне ауыстырады және осы аукционның жалғастырылатын күні мен уақыты туралы ақпаратты тізілімнің веб-порталында орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы аукционға қатысқан қатысушыларды алдын ала міндетті түрде хабардар етеді.

68. Сатып алу-сату шарты тізілімнің веб-порталында электрондық форматта жасалады және ведомство мен жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде қол қояды. Шартта оны жасасудың негізі ретінде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға сілтеме көрсетіледі.

Жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына белгіленген мерзімде қол қоймаған жағдайда ведомство ЭЦҚ пайдалана отырып, тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және бұл кәдеге жаратылған тауар күшін жойған аукцион шарттарымен аукционға қайтадан шығарылады.

69. Аукционда жеңген тұлға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға немесе сатып алу-сату шартына қол қоймаған кезде өзі енгізген кепілдік жарнасын жоғалтады және ведомствоға оның іс жүзінде шеккен залалын өтейді.

70. Кепілдік жарна алына отырып, сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын сатып алушы сатып алу-сату шарты жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бірыңғай оператордың есеп айырысу шотына енгізеді, бұл ретте төлем мақсатында сатып алушы сатып алу-сату шартының идентификаторын көрсетеді.

71. Төлемнің мерзімі өткен жағдайларда, шарт жасалған кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ведомство шартты біржақты тәртіппен бұзады.

Бұл жағдайда кәдеге жаратылған тауар күшін жойған аукцион шарттарымен қайта өтетін аукционға қайтадан шығарылады.

72. Кәдеге жаратылған тауарларды беру сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес қабылдау-тапсыру актісі, шығару актісі негізінде толық төлеген жағдайда жүргізіледі.

73. Кәдеге жаратылған тауарды өткізу уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге арналған нарядтар берудің нысаны мен тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

74. Сатып алушы қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймаған жағдайда ведомство тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды.

75. Ведомство мен сатып алушы көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған жағдайда сатып алу-сату шарты орындалды деп саналады.

76. Кәдеге жаратылған тауарлар сатылғаннан кейін олар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес есептен шығарылады.

77. Кәдеге жаратылған тауарларды өткізуден алынған қаражатты бірыңғай оператор ведомство тізілімнің веб-порталына қол қойылған қабылдау-тапсыру актісі туралы мәліметтерді енгізген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде республикалық бюджеттің кірісіне аударады.

2-параграф. Кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беру арқылы өткізу

78. Уәкілетті орган қажет болған кезде және егер аукцион қорытындылары бойынша кәдеге жаратылған тауар өткізілмеген жағдайда кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беруді жүзеге асырады.

79. Кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беру алушы мемлекеттік органдармен және уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

80. Уәкілетті орган басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беру үшін өзінің интернет-ресурсында беруге жататын кәдеге жаратылған тауарлардың

тізбесін (бұдан әрі – тізбе) орналастырады және оны мемлекеттік органдарға жолдайды.

81. Мемлекеттік органдар 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тізбені қарайды және кәдеге жаратылған тауарлардың атауы, саны, өлшем бірлігі туралы мәліметтер қамтылған кәдеге жаратылған тауарларды қабылдау туралы өтінімдерді уәкілетті органға ұсынады.

82. Уәкілетті орган өтінім келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде мемлекеттік органдардың өтінімдерін қарайды және келіседі не себептерін көрсете отырып, оларды келісуден бас тартады.

83. Мемлекеттік органдардың өтінімі келісілгеннен кейін кәдеге жаратылған тауарларды басқа мемлекеттік органдардың теңгеріміне беру туралы шешім қабылдау үшін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берілуге тиіс.

Көлік шығыстары, оның ішінде кәдеге жаратылған тауарларды тиеу-түсіруге байланысты шығыстар алушы мемлекеттік органның есебінен жүзеге асырылады.

84. Кәдеге жаратылған тауарларды беру Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес қабылдау-тапсыру актісі, шығару актісі негізінде жүргізіледі.

85. Кәдеге жаратылған тауарларды беру туралы шешім қабылданғаннан кейін ведомство уәкілетті орган бекіткен мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығаруға немесе кәдеге жаратылған тауарларды өткізуге арналған нарядтар берудің нысаны мен тәртібіне сәйкес наряд береді.

86. Кәдеге жаратылған тауарлар өткізілгеннен кейін олар Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын есепке алу тәртібіне сәйкес есептен шығарылады.

87. Мемлекеттік резервтен өтеусіз алынған тауарларды сатып алу үшін бюджеттен бөлінген қаражат болған жағдайда мемлекеттік органдар өз теңгеріміне кәдеге жаратылған тауарлар берілген кезден бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде берілген кәдеге жаратылған тауарлардың құнын республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарын есептен шығару,
жою, кәдеге жарату және кәдеге
жаратылған тауарларды өткізу
қағидаларына
1-қосымша

1-нысан

**Мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз
материалдық құндылықтарының
тізбесі**

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң атауы
_____ мемлекеттік резервтің одан әрі
пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарының төменде көрсетiлген
тізбесін ұсынады:

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Стандарттау жөнiндегi құжаттардың, сәйкестiктi бағалау туралы құжаттардың нөмiрлерi, артикулы, сериясы	Өлшем бiрлiгi	Саны	Салынған күнi	Жарамдылық мерзiмiнiң аяқталу күнi	Бiр бiрлiгiнiң бағасы	Жалпы құны	Техникалық жай-күйi	Ескертпе (материалдық құндылықтардың жарамсыздығын құрайтын басқа да себептер)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Қолдары:

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң басшысы
_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң бас бухгалтерi
_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Одан әрі пайдалануға жарамсыз тамақ өнімдерінің тізбесі

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң атауы
 _____ одан әрi пайдалануға жарамсыз тамақ
 өнiмдерiнiң төменде көрсетiлген тiзбесiн ұсынады:

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Стандарттау жөнiндегi құжаттардың, сәйкестiктi бағалау туралы құжаттардың нөмiрлерi, артикулы, сериясы,	Өлшембiрлiгi	Саны	Салынған күнi	Жарамдылық мерзiмiнiң аяқталу күнi	Бiр бiрлiгiнiң бағасы	Жалпы құны	Техникалық жай-күйi	Ескертпе (тамақ өнiмдерiнiң жарамсыздығын құрайтын басқа да себептер)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Қолдары:

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң басшысы
 _____ / _____ / _____
 лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң бас бухгалтерi
 _____ / _____ / _____
 лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарын есептен шығару,
жою, кәдеге жарату және кәдеге
жаратылған тауарларды өткізу
қағидаларына
2-қосымша

**Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын
есептен шығару
№ _____ актісі**

_____ ЖЫЛҒЫ «__» _____

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң атауы

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң толық мекенжайы

_____ жылғы «__» _____ № _____ бұйрықпен мынадай құрамда құрылған
комиссия: _____

мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз тамақ өнімдерінің және өзге де материалдық құндылықтарының тізбесі негізінде ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң материалдық жауапты адамының қатысуымен есептен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын қарап тексеруді жүзеге асырды, бұл ретте нормативтік және техникалық құжаттаманы, сондай-ақ бухгалтерлік есеп деректерін пайдаланды Құжаттармен танысу, материалдық құндылықтарды қарап тексеру (тексеру) кезінде мыналар анықталды:

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Стандарттау жөніндегі құжаттардың, сәйкестікті бағалау	Өлшем бірлігі	Саны	Дайындалған күні	Салынған күні	Жарамдылық/сақтау мерзімінің аяқталу күні	Бірлігінің бағасы	Жалпы құны	Техникалық жай-күйі	Есептен шығару себебі
----------	----------------------------------	--	---------------	------	------------------	---------------	---	-------------------	------------	---------------------	-----------------------

		турал ы құжат тарды ң нөмір лері, артик улы, серия сы									
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Ескертпе: Түрлі маркалы бұйымдарды, стандарттау жөніндегі құжаттарды жеке жолда көрсету қажет.

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

Комиссия төрағасы

_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Комиссия мүшелері:

_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарын есептен
шығару, жою, кәдеге жарату
және кәдеге жаратылған
тауарларды өткізу
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

**Жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін
кәдеге жарату мен жоюды айқындау хаттамасы**
20__ ж. «__» _____ №__

_____ жылғы «__» _____ №__ бұйрықпен мынадай құрамда құрылған
кәдеге жарату мен жоюды айқындау жөніндегі комиссия: _____

20__ ж. «__» _____ №__ тамақ өнімдерін зерттеу (сынау)
бойынша ұсынылған хаттамалардың негізінде төмендегілер туралы шешім
қабылдады:

Р/с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Жарамдылық/са қтау мерзімінің өткен күні	Өлшем бірлігі	Жойылуға жатады, саны	Кәдеге жаратуға жатады, саны
1	2	3	4	5	6

Қолдары:

Кәдеге жарату мен жоюды айқындау жөніндегі комиссия төрағасы:

_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Кәдеге жарату мен жоюды айқындау жөніндегі комиссия мүшелері:

_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Ескертпе: жарамдылық мерзімі өткен тамақ өнімдерін кәдеге жарату осы
Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша экономикалық тиімділік
туралы қорытындыға сәйкес кәдеге жаратудың орындылығы анықталған
жағдайда жүргізіледі.

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарын есептен
шығару, жою, кәдеге жарату
және кәдеге жаратылған
тауарларды өткізу
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік резервтің
материалдық құндылықтарын жою туралы
№ _____ акт**

20__ ж. «__» _____

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң атауы

Ведомстволық бағынысты ұйымның/сақтау пунктiнiң толық мекенжайы

Бiз:

(мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жоюға қатысқан адамдардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) жұмыс орны, лауазымы) мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын жою үшін броньнан шығару туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің _____ жылғы «__» _____ № _____ қаулысының негізінде төменде аталған мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарын жойдық.

р /с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Стандарттау жөніндегі құжаттардың нөмірлері, артикулы, сериясы	Өлшем бірлігі	Саны	Жою үшін негіз	Жою тәсілі	Жою орны	Жойылған уақыты мен күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарын жоюға қатысқан адамдардың қолдары және Т.А.Ә.

_____/_____/_____
лауазымы қолы қолтаңбаның толық жазылуы

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарын есептен
шығару, жою, кәдеге жарату
және кәдеге жаратылған
тауарларды өткізу
қағидаларына
6-қосымша

Нысан

**Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын
кәдеге жарату туралы**

20__ ж. «__» _____ № ____ акт

Тапсырыс берушінің атауы _____

Кәдеге жарату қызметтерін берушінің атауы _____

Кәдеге жарату қызметтерін беруші (толық атауы) уәкілетті органның мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын кәдеге жарату үшін броньнан шығару туралы ____ жылғы «__» _____ № ____ бұйрығы және мемлекеттік сатып алу туралы ____ жылғы «__» _____ № ____ шарты, сондай-ақ ____ жылғы «__» _____ қабылдау-тапсыру актісі негізінде төменде аталған мемлекеттік резервтің одан әрі пайдалануға жарамсыз материалдық құндылықтарын кәдеге жаратты:

р /с №	Материалдық құндылықтардың атауы	Өлшем бірлігі	Материалдық құндылықтардың саны	Стандарттау жөніндегі құжаттардың нөмірлері, артикулы, сериясы	Кәдеге жаратылған тауардың атауы	Өлшем бірлігі	Кәдеге жаратылған тауардың саны	Стандарттау жөніндегі құжаттардың нөмірлері, артикулы, сериясы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Кәдеге жарату қызметін берушінің атауы _____

колы _____

басшының тегі, аты,
әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны (бар болса)

Мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық
құндылықтарын есептен
шығару, жою, кәдеге жарату
және кәдеге жаратылған
тауарларды өткізу
қағидаларына
7-қосымша

Нысан

**Кәдеге жаратылған тауарларды өткізу бойынша
аукционға қатысуға арналған
өтінім**

1. Кәдеге жаратылған тауарларды өткізу бойынша аукцион өткізу туралы жарияланған хабарламаны қарап және Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын есептен шығару, жою, кәдеге жарату және кәдеге жаратылған тауарларды өткізу қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар) танысып,

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі – Т.А.Ә.) немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлға басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің Т.А.Ә.)

20 __ жылғы «__» _____ мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында болатын аукционға қатысуға ниет білдіреді.

2. Мен (біз) аукционға қатысу үшін кәдеге жаратылған тауар бойынша аукцион нәтижелері айқындалғанға дейін тізілімнің веб-порталы бұғаттайтын кепілдік жарнаны енгіздім (енгіздік):

Р/с №	Кәдеге жаратылған тауардың атауы	Кәдеге жаратылған тауар үшін кепілдік жарнаның сомасы, теңге
1.		
2.		
	Жиыны	

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкес келмегенім (келмегеніміз) анықталған жағдайда мен (біз) аукционға қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен), мен (біз) қол қойған сауда-саттық

нәтижелері туралы хаттама және сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылатынымен келісемін (келісеміз).

4. Егер мен (біз) аукцион жеңімпаз(дар)ы болып танылған жағдайда өзімізге сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға ол өткізілген күні қол қоюға және ол өткізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен аспайтын мерзімде сатып алу-сату шартына қол қоюға міндеттеме аламын(з).

5. Мынадай:

1) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға оны өткізу күнінде қол қоймаған;

2) сатып алу-сату шартына белгіленген мерзімдерде қол қоймаған;

3) мен (біз) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайларда мен (біз) енгізген кепілдік жарна сомасының қайтарылмайтынына және мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор оны республикалық бюджет кірісіне жіберетініне келісемін (келісеміз).

6. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен бірге осы өтінімнің сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарт күші бар.

7. Өзім(із) туралы мынадай мәліметтерді ұсынамын(ыз):

Заңды тұлға үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының Т.А.Ә. _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Кепілдік жарнаны қайтару үшін банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСК/БСК _____

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә. _____

ЖСН _____

Паспорт деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Кепілдік жарнаны қайтару үшін банк деректемелері:

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСК/БСК _____

Өтінім берушінің ЭЦҚ деректері;

Өтінім берушінің ЭЦҚ қол қойған күні және уақыты.

Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында 20__ж. «__» _____
_____ сағат _____ минутта қабылданды.

Қатысушының аукциондық нөмірі _____.
